



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН  
ТҰРҒЫН ҮЙ БЕРУ

**ЕРЕЖЕСІ**



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ


2-нұсқа:  
31.08.2024


**ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ТҰРҒЫН ҮЙ БЕРУ ЕРЕЖЕСІ**

1-бет

## МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Үміткерлерді есепке қою тәртібі	4
3	Университеттің тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру тәртібі	5
4	Тұрғын үйді пайдалану тәртібі	7
5	Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру тәртібі	10
6	Қорытынды ережелер	10
	Қосымша-есепке алуға өтініш нысаны	11



 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 31.08.2024
	<b>ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ТҰРҒЫН ҮЙ БЕРУ ЕРЕЖЕСІ</b>	2-бет

## 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру ережесі (бұдан әрі – Ереже) тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі- Университет) қызметкерлеріне тұрғын үй беру тәртібін, сондай-ақ Университет қарамағындағы тұрғын үйді пайдалану тәртібін айқындайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленді:

– Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі №94-1 «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына;

– Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 05 желтоқсандағы №106 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді беру және пайдалану қағидаларына;

– Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 27 желтоқсандағы №168 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке қою қағидаларына;


– Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы №306 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесіне;

– Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2023 жылғы 02 қазандағы №389-НҚ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысына.

1.3 Құжатта қолданылатын негізгі терминдер мен анықтамалар 1-кестеде келтірілген.

1-кесте - Терминдер мен анықтамалар

Термин	Анықтама
<i>Тұрғын үй</i>	тұрақты / уақытша тұруға арналған және пайдаланылатын, белгіленген техникалық, санитарлық, экологиялық, өртке қарсы, басқа да міндетті нормалар мен қағидаларға жауап беретін, Университет балансындағы, тұрғын үй алуға үміткерлер арасында бөлінетін және оларға


 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 31.08.2024
	<b>ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ТҰРҒЫН ҮЙ БЕРУ ЕРЕЖЕСІ</b>	3-бет

		Университетте жұмыс істеу кезеңіне берілетін жеке тұрғын үй бірлігі (пәтер)
<i>Тұрғын комиссиясы</i>	<i>үй</i>	тұрғын үй мәселелері бойынша шешімдер шығаруға уәкілетті Университеттің тұрақты негізде жұмыс істейтін алқалы органы
<i>Университеттің тұрғын үй қоры</i>		Университет балансында тұрған, қызметкерлерге тұрғын үй комиссиясының шешімі бойынша одан әрі жекешелендіру құқығынсыз лауазымдық міндеттерін атқару кезеңінде тұру үшін жалдауға (жалға алуға) беруге арналған қызметтік тұрғын үйлер
<i>Мемлекеттік тұрғын үй қоры</i>		коммуналдық тұрғын үй қорына, Мемлекеттік кәсіпорындардың тұрғын үй қорына не Мемлекеттік мекемелердің тұрғын үй қорына тиесілі және республикалық немесе коммуналдық мүліктің құрамына кіретін тұрғын үйлер
<i>Коммуналдық тұрғын үй қоры</i>		жергілікті атқарушы органдардың қарамағындағы, тұрғын үйлерді пайдалануға беру жөніндегі арнаулы мемлекеттік мекемеге бекітілген тұрғын үйлер
<i>Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй</i>		коммуналдық тұрғын үй қорынан Қазақстан Республикасының азаматтарына сатып алу құқығынсыз ақылы пайдалануға берілетін тұрғын үй
<i>Сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй</i>		коммуналдық тұрғын үй қорынан Қазақстан Республикасының азаматтарына сатып алу құқығымен ақылы пайдалануға берілетін тұрғын үй
<i>Үміткер</i>		Астана қаласында тұрғын үйі жоқ және құжаттары тұрғын үй беру үшін белгіленген талаптарға сәйкес келетін тұрғын үйге мұқтаж Университет қызметкері
<i>Үміткердің отбасы мүшелері</i>		үміткермен бірге тұратын жұбайы, балалары, ерлі-зайыптының ата-аналары
<i>Қызметкер</i>		Университетпен еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін жеке тұлға

1.4 Астана қаласында тұрғынжайы жоқ және оған мұқтаж Университет қызметкерлерін (бұдан әрі – үміткерлер) есепке алуды, Университет қызметкеріне тұрғынжайды жалдауға (жалға алуға) беру туралы шешім қабылдауды ректордың бұйрығы негізінде құрылған және өз қызметін тұрғын үй комиссиясы туралы ереже негізінде жүзеге асыратын Университеттің тұрғын үй комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) жүзеге асырады.

1.5 Университет қызметкерлеріне арналған тұрғын үй төмендегілерден ұсынылуы мүмкін:

- Университеттің тұрғын үй қоры (пәтер);

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 31.08.2024
	<b>ТҮРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ТҮРҒЫН ҮЙ БЕРУ ЕРЕЖЕСІ</b>	4-бет

- мемлекеттік (коммуналдық) тұрғын үй қоры;
- жергілікті атқарушы орган жалдаған жеке тұрғын үй қоры.

## **2 ҮМІТКЕРЛЕРДІ ЕСЕПКЕ ҚОЮ ТӘРТІБІ**

2.1 Үміткерді есепке қою Университет қызметкерінің өтініші негізінде жүзеге асырылады.

2.2 Үміткерлер тұрғын үйге мұқтаж деп танылады, егер:

- олардың Астана қаласында тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру және есепке қою кезінде меншік құқығында тұрғын үйі жоқ болса;
- олардың жалға берілетін тұрғын үйі жоқ / сатып алу құқығы жоқ болса;
- олар тұратын тұрғын үй белгіленген санитарлық-эпидемиологиялық және техникалық талаптарға сай келмесе;
- көршілес, оқшауланбаған тұрғын үй-жайларда екі және одан да көп отбасы тұрса;
- отбасы құрамында кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын науқастар бар (кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерінің тізімі бойынша), олармен бір бөлмеде (пәтерде) бірге тұру мүмкін болмаса.


2.3 Есепке қою үшін үміткерлер Университет кеңсесіне ректордың атына өтініш (қосымша), сондай-ақ мынадай құжаттарды ұсынады:

- үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің көшірмелері (туу, қайтыс болу, неке қию (ерлі-зайыптылық), некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу, бала асырап алу, әке болуды (ана болуды) анықтау, атын, әкесінің атын және тегін ауыстыру);
- жұбайынан, балаларынан, ата-аналарынан басқа адамдарды отбасы мүшелері деп тану туралы сот шешімінің көшірмелері (бар болса);
- мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасыларды қоспағанда (халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын үміткерлер үшін) үміткердің (отбасының) халықтың әлеуметтік осал топтарына жататынын растайтын құжат, сондай-ақ отбасының әрбір мүшесіне соңғы он екі айдағы табыстары туралы мәліметтер;
- тұрғын үйді жеңілдікпен алу құқығын растайтын құжаттар;
- Қазақстан Республикасында қаласында жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы мәліметтер.

2.4 Егер қызметкер соңғы бес жыл ішінде Қазақстан Республикасында тұрғын үй жағдайларының нашарлауы нәтижесінде мұқтаж болып қалғаны анықталса, тұрғын үй беру үшін есепке қоюдан бас тартылады:

- тұрғын үй-жайларды айырбастау;



 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 31.08.2024
	<b>ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ТҰРҒЫН ҮЙ БЕРУ ЕРЕЖЕСІ</b>	5-бет

- өзіне немесе бірге тұратын жақын туыстарына меншік құқығымен тиесілі тұруға жарамды тұрғын үйді иеліктен шығару (сату, сыйға тарту);
- оның кінәсінен тұрғын үйді бұзу немесе бүлдіру;
- тұрғылықты жері кезінде тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж болмаған тұрғын үйден шығу;
- жұбайынан, кәмелетке толмағандар мен еңбекке жарамсыз балалардан басқа адамдардың, сондай-ақ еңбекке жарамсыз ата-аналардың қоныстануы.

2.5 Комиссия тұрғын үй алуға үміткерлердің кезектілік тізімі (бұдан әрі - тізім) нысанында есепке алуды жүргізеді. Университеттің тұрғын үй қорынан жатақхана бөлмесі түрінде тұрғын үй алуға үміткерлердің қосымша тізімін жүргізуге рұқсат етіледі.

2.6 Тізімді қалыптастыру және жаңарту кезінде, ең алдымен, назарға алынады:

- тұрғын үйді жалдауға (жалға алуға) алғашқы өтініш берілген жылы;
- Университеттегі жұмыс өтілі.

2.7 Жергілікті атқарушы орган жалдаған коммуналдық тұрғын үй қорынан және жеке тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу үшін үміткерлерді есепке қою кезінде Астана қаласында кемінде үш жыл тұрақты тұру қосымша талап етіледі.


2.8 Үміткерлерді есепке қою немесе есепке қоюдан нақты бас тарту туралы шешімді Комиссия өтініш берілген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей қабылдайды. Үміткерді комиссия шешімімен таныстыру 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

2.9 Осы Ереженің 2.4-тармағында көрсетілген бас тарту үшін негіздер жойылғаннан кейін қызметкердің есепке қою туралы өтінішпен қайта жүгінуіне жол беріледі.

2.10 Үміткерлерді есептен шығару келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

- тұрғын үй сатып алу;
- сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй алу;
- жер учаскесін алу және жеке тұрғын үй құрылысын аяқтау;
- үміткердің тұрғын үйге мұқтаждығы туралы шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді ұсынуы;
- басқа елді мекенге тұрақты тұруға шығу;
- еңбек шартын бұзу немесе тоқтату.

2.11 Тұрғын үй жағдайлары өзгерген кезде тұрғын үй беруге мұқтаждардың есебінде тұрған үміткерлер міндетті түрде он күн мерзімде тиісті құжаттарды (тұрғын үйдің бар екендігі туралы анықтаманы, т. б.) қоса бере отырып, Комиссияны жазбаша хабардар етуге тиіс.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 31.08.2024
	<b>ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ТҰРҒЫН ҮЙ БЕРУ ЕРЕЖЕСІ</b>	6-бет

### **3 УНИВЕРСИТЕТТИҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ТҰРҒЫН ҮЙ БЕРУ ТӘРТІБІ**

3.1 Университеттің тұрғын үй қорынан тұрғын үйдің болуы туралы мәліметтерді комиссияға әкімшілік-шаруашылық қызмет (ӘШҚ) ұсынады.

3.2 Университеттің тұрғын үй қорынан тұрғын үй ол болған кезде кезектілік тәртібімен Комиссия шешімінің негізінде үміткерге беріледі.

3.3 Комиссия хатшысы тұрғын үйдің болуы туралы бірінші кезекте үміткерлерге хабарлайды. Үміткерлердің саны қолда бар тұрғын үйдің санына байланысты.

3.4 Тұрғын үй алуға үміткер Комиссияның қарауына жіберу үшін Университеттің кеңсесіне келесі жаңартылған құжаттарды ұсынады:


- ректордың атына өтініш (қосымша);
- үміткердің және оның отбасы мүшелерінің жеке куәлігінің немесе паспортының көшірмесі;
- неке қию (бұзу), отбасы мүшелерінің қайтыс болуы, балалардың тууы туралы куәліктердің көшірмелері;
- кадрлармен жұмыс бөлімінен куәландырған еңбек кітапшасының көшірмесі;
- басқа адамдар үміткердің отбасы мүшелері деп танылған жағдайларда, соңғы болып оларды үміткердің отбасы мүшелері деп тану туралы сот шешімі;
- үміткерде және оның отбасы мүшелерінде меншік, жалға алу құқығында оларға тиесілі тұрғын үйдің (Қазақстан Республикасы бойынша) болуы немесе болмауы туралы мәліметтер;
- үміткердің барлық отбасы мүшелерінің мекенжайы туралы мәліметтер;
- үміткердің (отбасының) халықтың әлеуметтік осал топтарына жататынын растайтын құжаттар;
- тұрғын үйді жеңілдікпен алу құқығын растайтын құжаттар.

3.5 Комиссия үміткерлердің кезектілігіне сәйкес тұрғын үй беру не беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

3.6 Үміткерге тұрғын үй беруден бас тартылады:

- осы Ереженің 3.4-тармағында көрсетілген барлық құжаттар ұсынылмаған;
- үміткерді тұрғын үйге мұқтаж деп тануға болмайтын құжаттар ұсынылды;
- Комиссия шешімімен қабылданған өзге де негіздер бойынша (Комиссия отырысының хаттамасында себептер көрсетіле отырып).

3.7 Комиссияның шешімі екі данада жасалады, оның біреуі Комиссия хатшысында қалады, екіншісі үміткерге қол қойылған сәттен бастап 3 (үш)

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 31.08.2024
	<b>ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ТҰРҒЫН ҮЙ БЕРУ ЕРЕЖЕСІ</b>	7-бет

жұмыс күні ішінде беріледі. Шешімнің көшірмесі Университеттің ӘШҚ-ке жіберіледі.

3.8 Комиссия тұрғын үй беру туралы шешім қабылдаған жағдайда, бекітілген нысанға сәйкес 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде (үміткер мен Университет ректорының арасында) тұрғын үйді жалдау (жалға алу) келісімшарты (бұдан әрі – шарт) жасалады.

3.9 Келісімшартты ҚҚБ (құқықтық қамтамасыз ету бөлімі) дайындайды. Жасалған шарт мемлекеттік тіркеуге жатпайды.

3.10 Келісімшарт Комиссия шешімі шығарылған сәттен бастап күнтізбелік жылға қолданылу мерзімімен, онда көзделген талаптармен одан әрі ұзарту мүмкіндігімен жасалады. Келісімшарттың бір данасының түпнұсқасы ҚҚБ да сақталады.

3.11 Комиссияның шешімі және жасалған келісімшарт Университет балансындағы тұрғын үйге орналасу үшін негіз болып табылады.

3.12 Университетке тиесілі және ондағы тұрғын үй мен мүлікті (бар болса) үміткерге қабылдау-тапсыру актісіне сәйкес Университеттің ӘШҚ-тің қызметкері жасалған келісімшарт негізінде, онда берілетін тұрғын үйдің және өзге де мүліктің сәйкестендіру сипаттамалары туралы толық және егжей-тегжейлі ақпаратты (бар болса) көрсете отырып береді. Қабылдау-тапсыру актісінің бір данасы Университеттің ӘШҚ-де сақталады.


## **4 ТҰРҒЫН ҮЙДІ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ**

4.1 Үміткерлер берілген тұрғын үйге жасалған келісімшарт негізінде орналастырылады. Онымен бірге тұратын үміткердің отбасы мүшелері онымен тең құқықтарды пайдаланады және келісімшарттан туындайтын міндеттерді атқарады. Қызметкерлердің отбасы мүшелері болып табылмайтын адамдарға, егер ерекше жағдайларда, Комиссияның шешімімен өзгеше белгіленбесе, қызметкерлерге берілген бөлмелерде / пәтерлерде тұруға тыйым салынады.

4.2 Тұрғын үйді үміткер (бұдан әрі – пайдаланушы) тек тікелей мақсаты бойынша пайдаланады. Тұрғын үйдегі мүліктің тұтастығы мен сақталуы үшін материалдық жауапкершілік осы мүлікті келісімшарт негізінде алған пайдаланушылар мен олардың отбасы мүшелеріне жүктеледі. Тұрғын үй және Университеттен алынған мүлік бүлінген жағдайда (бар болса), пайдаланушы табиғи тозу және форс-мажорлық тозу жағдайларын қоспағанда, тараптар арасында жасалған келісімшартта көзделген тәртіппен және келісімшартта тұрғын үйді тұруға тиісті жай-күйге келтіруге және бүлінген мүлікті қалпына келтіруге немесе жөндеуге міндетті мән-жайлар.

4.3 Тұрғын үйді тұруға жарамды күйде ұстау үшін қажетті ағымдағы жөндеуді қоспағанда, тұрғын үйді жоспарлауды өзгертуге және өзге де жақсартуға/нашарлатуға тыйым салынады.



 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 31.08.2024
	<b>ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ТҰРҒЫН ҮЙ БЕРУ ЕРЕЖЕСІ</b>	8-бет

4.3 Тұрғын үйлерді пайдалану келісімшартта және/немесе Университеттің ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен, пайдаланушылардың коммуналдық қызметтерді, тұрғын үйді күтіп ұстауға арналған шығындарды, телекоммуникация қызметтерін және тұрғын үйді пайдалану кезінде жасайтын өзге де шығындарды төлеу келісімшарттағы міндетпен жүзеге асырылады.

4.4 Авариялық жағдайлар туындаған және тұрғын үйдің жекелеген конструкцияларының ақаулары анықталған кезде пайдаланушы және онымен бірге тұратын отбасы мүшелері дереу барлық қолжетімді байланыс құралдары арқылы не жеке өзі олар туралы Университеттің әкімшілік-шаруашылық қызметінің басшысына хабарлайды.

4.5 Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесіне сәйкес тұрғын үйді пайдаланғаны (жалдағаны) үшін төлемақы мөлшері Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.


4.6 Тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемді пайдаланушы республикалық бюджетке аударады. Олармен бірге тұратын барлық пайдаланушылар мен олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелуге тиіс. Болу орны бойынша тіркеу есебін ресімдеуді Университеттің әкімшілік-шаруашылық қызметінің маманы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" НАО арқылы жүзеге асырады. Тұрғын үйде тұратын пайдаланушылар мен олардың отбасы мүшелерін тіркеу қағидаларының сақталуын бақылау Университеттің әкімшілік-шаруашылық қызметінің маманына жүктеледі.

4.7 Пайдаланушымен еңбек қатынастары кез келген негіздер бойынша тоқтатылған жағдайда, ол (олар) және/немесе оның (олардың) отбасы мүшелері келісімшарт бұзылған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде тұрғын үйді босатуға және тапсыруға міндетті. Бұл ретте жасалған келісімшарт еңбек шартының қолданылуы тоқтатылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұзылуға жатады.

4.8 Университетке тиесілі мүлкі бар тұрғын үйді қайтару ӘШҚ қызметкеріне қабылдау-тапсыру актісі бойынша беріледі. Қабылдау-тапсыру актісінің түпнұсқасы Университеттің ӘШҚ-де сақталады.

4.9 Пайдаланушы тұрғын үйді кез келген негіз (дер) бойынша босату кезінде Университеттің тұрғын үйі мен мүлкін (бар болса) жарамды күйде, атап айтқанда: қалыпты тозуды ескере отырып, ол қоныстанған кезде алынған түрінде тапсыруға міндетті. Сонымен қатар, пайдаланушы тұрғын үйді пайдалануға байланысты барлық шығындарды оны нақты шығарғанға дейін төлеуге міндетті.

4.10 Тұрғын үйді босатудан бас тартқан жағдайда пайдаланушы және / немесе оның отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шығарылуға жатады.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 31.08.2024
	<b>ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ТҰРҒЫН ҮЙ БЕРУ ЕРЕЖЕСІ</b>	9-бет

4.11 Тұрғын үйдің жай-күйін нашарлатқан пайдаланушылар және/немесе олардың отбасы мүшелері басқа тұрғын үй-жай берілмей-ақ шығарылуға жатады.

4.12 Шартты бұзу және пайдаланушыларды, олардың отбасы мүшелерін тұрғын үйлерден шығару да мынадай негіздер бойынша жүзеге асырылады:

- тұрғын үйді жүйелі түрде бұзу немесе бүлдіру, басқа пайдаланушылардың, тұрғын емес үй-жайлардың, құрылыс, санитарлық, экологиялық, өртке қарсы, басқа да міндетті нормалар мен қағидалардың тұру (болу) жағдайларын бұзу;

- қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің жатақханада тұру ережелерін жүйелі түрде бұзу, бұл басқалардың олармен бір үй-жайда немесе бір тұрғын үйде тұруы мүмкін болмаса;

- жасалған шарттың талаптарын орындамау, оның ішінде нақты себептерсіз тұрғын үйді пайдаланғаны үшін ақы төлеуден қатарынан алты ай бойы жалтару;

- адам тұрғын үйді өз бетімен басып алу;

- келісімшарт Заңның 108-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша жарамсыз деп танылу;

- орналасқан жеріне қарамастан меншік құқығындағы өзге де тұрғын үйді сатып алу;

- пайдаланушылар мен оның (оның) отбасы мүшелерінің кез келген негіздер бойынша өз тұрғын үйін алуы;

- тұрғын үйге өз еркімен билік ету, атап айтқанда: алып жатқан тұрғын үйді айырбастау немесе оны қосалқы жалға беру;


- дәйексіз мәліметтерді қамтитын құжаттарды ұсыну (олар тұрғын үйді пайдалану сәтінде анықталған жағдайда);

- пайдаланушының тұрғын үйден 6 (алты) айдан астам мерзімге шығуы. Мұндай жағдайда пайдаланушымен жасалған келісімшарт Комиссияның шешімі негізінде күшін сақтауы;

- пайдаланушының тұрғын үйді қайтару туралы өтінішін кез келген негіз бойынша беруі;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

4.13 Толық қайтару бойынша қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған сәтке дейін келісімшарт жасасу кезінде алынған тұрғын үй және мүлік (бар болса) оның ішінде Университет және/немесе өзге тұлғалар тарапынан шағымдар болмаған кезде тұрғын үйді пайдалануға байланысты шығындарды төлеу мәселелері бойынша, Университеттің ӘШҚ-нің басшысы немесе өзге де қызметкер пайдаланушының Университет алдында берешегінің жоқтығын растайтын құжаттарға қол қоюға құқылы емес.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 31.08.2024
	<b>ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ТҰРҒЫН ҮЙ БЕРУ ЕРЕЖЕСІ</b>	10-бет

4.14 Осы Ережеге сәйкес қайтарылған тұрғын үйлер осы Ережеде белгіленген тәртіппен тұрғын үйге мұқтаж үміткерлерге қайта бөлуге жатады.

4.15 Тұрғын үйлерді беру, қоныстандыру, оның ішінде келісімшарттар жасасу және босату мониторингін Университеттің ӘШҚ жүзеге асырады. Мониторингтің уақтылы жүргізілмегені үшін жауапкершілік ӘШҚ басшысына жүктеледі.

4.16 Пайдаланушылар және оның (олардың) отбасы мүшелері объект өрескел нұсқада тапсырылған тұрғын үй объектісінде өз тұрғын үйін алған жағдайда, пайдаланушы Комиссияға өтініш бере алады және жөндеу жұмыстары аяқталғанға дейін (3 (үш) айдан аспайтын) тұрғын үйді пайдалану мерзімін ұзарта алады.

## **5 КОММУНАЛДЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ТҰРҒЫН ҮЙ БЕРУ ТӘРТІБІ**

5.1 Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің (ҚР МАМ) жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйлерді ұсыну мүмкіндігі туралы сұрау салуы негізінде Комиссияның отырысы шақырылады, онда үміткерлердің кезектілік тізіміне сәйкес құжаттары қайта қаралады.

5.2 Комиссияға үміткерлер құжаттарының жаңартылған нұсқалары ұсынылады. Комиссия үміткерлердің тұрғын үй жағдайларының өзгеруін және үміткерлердің құжаттарының тұрғын үй алуға қойылатын талаптарға сәйкестігін тексереді.

5.3 Үміткерлер осы Ереженің 3.4-тармағында көрсетілген тізімге сәйкес КЖБ-не жаңартылған құжаттарды ұсынады.

5.4 Комиссия шешімінің негізінде ҚР МАМ-ға тұрғын үйге мұқтаж қызметкерлердің тізімі, ҚР МАМ талап ететін саны және резервтен 2-3 үміткер ұсынылады. Тізімге қосымша барлық үміткерлердің құжаттары қоса беріледі.


5.5 Оң шешім қабылданған жағдайда ҚР МАМ өкілдері үміткерлермен тікелей байланысады және коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру рәсімі ҚР МАМ және/немесе жергілікті уәкілетті органның талаптарына сәйкес өтеді.

5.6 Тұрғын үй алған кезде Университетте тұрғын үй беруге мұқтаждар есебінде тұрған қызметкерлер міндетті түрде он күн мерзімде есептен шығару үшін Комиссияны хабардар етуі тиіс.

## **6 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

6.1 Осы Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді және жаңасымен ауыстырылғанға дейін қолданылады.

6.2 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде Ғылыми кеңес Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 31.08.2024
	ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ТҰРҒЫН ҮЙ БЕРУ ЕРЕЖЕСІ	11-бет

Қосымша - Есепке қою өтінішінің нысаны

«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ  
ректорына

ТАӘ

\_\_\_\_\_  
лауазымы, ТАӘ  
мекен-жайы бойынша тұратын:

\_\_\_\_\_  
тұрғылықты мекен-жайы  
ЖСН \_\_\_\_\_,  
Ұялы тел.: \_\_\_\_\_

### Өтініш

Сізден мені тұрғын үй беру үшін есепке қоюыңызды сұраймын  
коммуналдық тұрғын үй қоры / Университеттің тұрғын үй қоры  
дұрысын таңдаңыз

«Мекеме қызметкері» санаты бойынша отбасы құрамына сәйкес «Тұрғын  
үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 75-бабының 1-  
тармағына сәйкес \_\_\_\_\_ бөлмелер саны.

Астана қаласында тұрақты тіркеуім бар / жоқ \_\_\_\_\_ жыл.

Отбасы құрамы:

\_\_\_\_\_  
Отбасы мүшесінің аты-жөні, туыстық дәрежесі  
ЖСН \_\_\_\_\_;

\_\_\_\_\_  
Отбасы мүшесінің аты-жөні, туыстық дәрежесі  
ЖСН \_\_\_\_\_

Мен және менімен бірге тұратын отбасы мүшелерінің Астана қаласында  
коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрақты пайдалануда болуын немесе  
болмауын тексеруге қарсы емеспін.

Қолы, күні